



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№20 (557)
16 мамыр,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



Дәулет ӘЖДАР:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ӨЗІ ЕМЕС, ОНЫ ЕРТЕ МЕНҒЕРГЕНДЕР ОРНЫМЫЗДЫ БАСАДЫ

Адам қызметінің орнын жасанды интеллектінің басуы мүмкін бе? AI қандай салаларда жиі қолданылады? Мәселеге жан-жақты үңілу үшін DA digital агенттігінің директоры, UI/UX және графикалық дизайнер, нейрожелі бойынша эксперт Дәулет Әждармен әңгімелестік.

– Дәулет мырза, графикалық дизайн мен эксперттік салаға қалай келдіңіз?

– Сыр өңіріндегі жоғары білімнің қара шаңырағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлегімін. Жоғары оқу орнында белсенді студенттің бірі болып, жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы ретінде қызмет атқардым. Осылайша, 2015 жылы жастар саясатының қыр-сырын менгеріп, танысу үшін Еуропаға жолымыз түсті. Сапар барысында Қазақстан жастары конгресінің өкілдерімен таныстым. Студенттік өмір – мүмкіндіктер кезеңі демекші, білім ордасын тәмамдаған 2016 жылы жастар конгресі Астана қаласына түрлі жобалар жүргізуге жұмысқа шақырды. Жұмыс барысында жастарға бағытталған 3 әлеуметтік жоба жаздым. Соның бірі – «Өмірлік таңдау» жобасы өзіме жақын болғандықтан, жетекшілік жұмысын өз қолыма алдым. Негізгі мақсаты – оқушыларға мамандығын дұрыс таңдауды үйрету. «Өмірлік таңдау» біз ауқымды кәсіби бағдарлау тесттерін сатып алдық. Сол тесттен мен де өтіп, жоба аяқталған соң мамандығымды жастар саясатынан веб-дизайн саласына ауыстырдым.

4-бетте

КРИПТОВАЛЮТА

ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПСІЗ?

«Криптовалюта» термині 1989 жылы американдық компьютер ғалымы Дэвид Ли Чаум цифрлық ақшаны ойлап тапқан кезде пайда болды. Ол транзакцияларды қорғау және растау үшін криптографияны қолданды. Тек 1990 жылдардың басында криптографиялық әдістер мен бағдарламалық жасақтама сәтті дамыды. Бұл толығымен орталықтандырылмаған электронды валютаны құруға мүмкіндік берді. Аталған ұғымды көп естісек те, астарына үңіліп жатпаймыз.

Көпшіліктің пікірінше, криптовалюта жай мемлекеттің валюта бағамымен есептелінетін ақша, алайда ол онлайн платформадағы ешқандай мемлекеттің валютасына жатпайтын биткойндардан тұрады. 10 жыл бұрын 1 биткойнның Қазақстандағы бағасы – 62 мың теңге болса, бүгінде 27 631 172 теңгеге дейін өсті. Мақаламызда виртуалды валютаның мәніне үңілдік.

3



ТРЕЙДИНГ

тәуекелге тәуелді

Күн мен түнге қарамастан еркін жұмыс кестесі арқылы табыс табуға болатын сала көп. Сондай жұмыстардың бірі – трейдинг. Трейдер уақытының 90%-ын анализ жасауға жұмсайды. Олар әрбір компанияның жаналықтарын қалт жібермей, актив құнын бақылауда ұстайды. Бұл мақалада трейдинг туралы сөз қозғайтын боламыз.



Ең алғаш бұл термин XVII ғасырда пайда болды. Басты себеп – Лондон биржасының пайда болуымен тығыз байланысты. Трейдинг «саудагер» деген мағынаны білдіреді. Ол өз қалауынша әрекет етіп, сауда процесі арқылы

тікелей пайда көзін табуға ұмтылады. Бұрын олар биржа арқылы жұмыс істесе, қазіргі мәліметтерге сәйкес биржамен де, одан тыс та нарықта бағалы қағаз, тауар, валютамен сауда жасайды. Яғни арнайы биржадағы саудадан

пайда көреді. Ол тауарға аз ақша жұмсап, мейлінше қымбат сатудың жолын іздейді. Тауардың сатылымынан түскен пайда арқылы табыс табады.

8-бетте

МУЗЕЙ – МӘҢГІЛІК

МУЗАЛАР МЕКЕНІ

18 мамыр – халықаралық музей күні. Өткенге көз жіберсек, халықаралық музейлер кеңесі бұл атаулы күнді 1977 жылы бекіткен екен. Музей күні 1978 жылдан бастап кәсіби мереке ретінде атап өтіліп келеді. Бұл дата КСРО кезінде, 1977 жылы Мәскеу қаласындағы халықаралық музейлер кеңесінің XI бас конференциясында бекітілген. Осы күні әлем елдеріндегі музейлерде музей түні акциясы ұйымдастырылады. Қазір елімізде 271 музей бар.

Өңір тарихымен бірге жасасып келе жатқан мекеменің бірі – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі. Бұл қасиетті орын бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тұлғаларын, өнерін жинақы түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғап отырған бірден-бір институт. Өңірдің мәдениеті мен рухани ордасына айналған Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне биыл 85 жыл.

Бұл облыстың құрылу тарихымен тамырлас кезең десе де болады. Музей Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы ұйымдастыру комитетінің 1939 жылдың 7 ақпанындағы қаулысының шешімімен құрылған. Алғашқы жылдары өз жұмысын өлке тарихы мен табиғатын зерттеуден бастаған музей тұрағы 1890-1896 жылы салынған Перовск Қазан – Богородтық шіркеуі орналасқан ғимаратта болыпты.

2



ҚАТЕРЛІ ІСКІТІ

100% ЕМДЕУГЕ
МҮМКІНДІК БАР

5-бетте



MCDONALDS:
ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР
БАСТАҒАН БИЗНЕС

8

Музей – мәңгілік узалар мекені

Басы 1-бетте

1980 жылы облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша музейге екі қабатты үй бөлінді де, 1985 жылдың 7 мамырында өз жұмысын бастады. Музей орналасқан бұл ғимараттың өзі 1953 жылы салынса да, қалаға көрік беріп тұрған архитектуралық ескерткіштердің бірі.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі – Сыр бойының өткені мен бүгінгі жайлы баяндайтын үлкен мәдениет орталығы. Жанында «Ақмешіт» музейі және С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы жұмыс істейді.

2015 жылы облыстық музейде реконструкция және рэкспозиция жү-

титуты мен Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті мамандарының бірлескен зерттеу тобы Сығанақ қалашағы маңынан тапқан болатын. Оның алғашқы кейпі қазба авторы, Я.Тулямов атындағы археология институтының (Өзбекстан Республикасы) аға ғылыми қызметкері А.Искандеровамен бірлесіп жасалған. Бас сүйегінің негізіндегі графикалық реконструкциясын Ресей ғылым академиясы Уфа федералдық ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері А.Нечвалода орындады.

Киім үлгілерін Алтын Орда дәуіріне жататын деректер мен қазба жұмыстары барысында табылған материалдарға сүйене отырып Татарстан Ғылым

«Ақмешіт» музейі. Бұл екі ғимараттың бірі – әскери комиссариат болса, екіншісі – 1917 жылы әскери казарма ретінде пайдаланылған. Уақыт өте келе нысандар жана кейіпке еніп, көпшілік тамашалайтын мәдени ошаққа айналды.

Облыс басшыларының тікелей қолдауымен 2014 жылы тарихи ескерткіштер тізіміне енген бұрынғы әскери комиссариат ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, облыстық музейдің бір бөлімі – Көркемсурет галереясы ашылды. Онда елімізге әйгілі суретшілер Ә.Қастеев, С.Романов, Г.Исмаилова, А.Ғалымбаева, С.Сенчихин, Қ.Қожықовтардың және Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері, Қазақстан бейнелеу өнеріне



мыстары жүргізіліп, жаңа заманауи кейіпке енді. 2014 жылы Сыр елінің жергілікті суретшілері мен кол-өнершілерінің шығармашылықпен еркін айналысуына мүмкіндік беретін тұңғыш көркемсурет галереясы ашылды. Қазақстан Республикасына белгілі қылқалам шеберлерінің туындылары галерея экспозициясынан орын алып отыр. Қуантарлығы, жергілікті қылқалам шеберлері жұмыс жасайтын шығармашылық бөлмелер де галерея ғимаратында қарастырылған, – дейді музей директоры Сапар Көзейбаев.

Облыс музейлерінің жалпы қоры 157996 экспонатты құрайды. Оның 3010-ы жаңа экспонатпен толықтырылған. Биыл 9997 экскурсия, 748 лекция, 633 көрме ұйымдастырылған. Облыста музейлерге келушілер саны 116064 адамды құрап, 6997 экспонат цифрлық форматқа көшірілген.

Облыстың 85 жылдығына орай «Жәдігерде бір сыр бар», «Тарихтағы сандар», «Музей энциклопедиясы», «Музей радиосы», «Жас өлкетанушы», «Құнды жәдігер», «Жәдігербаян», «Музей-Тур», «Тарих көмесі», «Тұлғатану», «Бір әулеттің тарихы», «Тарихтағы сандар» атты жобалар жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда төл тарихымыз бен ұлттық идеологиямызды дүниежүзіне насихаттайтын рухани-мәдени орталықтың қорында 60651 экспонат, 1000-ға жуық әшекей бұйымдар коллекциясы сақтаулы. Мәскеуден арнайы әкелінген 2000-ға жуық құнды археологиялық бұйым да сақталған. Сондай-ақ, «Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ қалашықтарына жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде табылған археологиялық экспонаттар, соның ішінде сак дәуірінде алтыннан жасалған әшекей бұйымдарды да осы жерден табуға болады, – дейді музейдің ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

Биыл музей қоры еліміздің тарихына ғылыми жаңалық болып енген, Сыр елінің келешек брендіне айналатын жәдігерлер «Шірік-Рабат сак жауынгері» және «Сығанақ ханшайымы» мүсіндерімен толықты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен «Шірік-Рабат сак жауынгерінің» реконструкциясы белгілі археолог-ғалым Жолдасбек Құрманқұловтың жетекшілігімен орындалды. Ал «Сығанақ ханшайымының» реконструкциясы – бірлескен жұмыс тобының жасаған қажырлы жұмысының нәтижесі.

Бұл бірегей жәдігерді Орталық Азияны зерттеу халықаралық ин-

Академиясы А.Халикова атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері Л.Мақласова жасады. Реконструкция мүсінін және алтын мен қоладан жасалған әшекей бұйымдарын дайындаған Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясы мамандарына өнертану ғылымдарының магистрі А.Назаров жетекшілік етті. Әшекей бұйымдар бойынша ҚР Мемлекеттік орталық музейінің археология орталығының ғылыми қызметкері Н.Төрежанова ғылыми жетекшілік жасады.

Мұнда Санкт-Петербург, Стамбул, Ташкент, Қазан қалаларының баспасынан шыққан сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар сақталуы. Айта берсек, қордағы дүниелерді саналап бітіру мүмкін емес. Бірақ ерекше атап өтетіндері жетерлік. Соның бірі – шетелдік зерттеушілердің аса қызығушылығын тудырып жүрген артефакт – Жоңғар дулығасы. XVII-XVIII ғасырларға мерзімделген дулыға – Қазақстанда баламасы жоқ дүниелердің бірі.

Музейде қазір 5 бөлім жұмыс істейді: өлке тарихы, археология және этнография, қор, экспозициялық-көрмелік, экскурсиялық-көпшілік бөлім. Өлкенің тарихы мен табиғатын баяндайтын 11 экспозициялық: «Кіріспе», «Өсімдіктер мен жануарлар», «Қасиетті Қазақстан және археология», «Сыр өлкесінің әлеуметтік-экономикалық дамуы», «Өлкеде Кенес үкіметінің орнауы», «Ауыл шаруашылығының дамуы», «Қызылорда облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Облыстың әлеуметтік саласының дамуы», «Мәдениет және өнер», «Этнография», «Тәуелсіз Қазақстан» залы бар. Мұндағы құнды деректер ғасырлар тарихынан сыр шертіп қана қоймай, бүгінгі күннің мұраларымен ұштасып жатыр.

Аймақта қадым заманнан келе жатқан қос тарихи ғимарат бар. Ішіне еңсеніз, түрлі жәдігерлердің көмесіне куә боласыз. Ол – С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы мен

өзіндік үлес қосып жүрген жергілікті қылқалам шеберлерінің қолынан шыққан туындылары орналастырылған. Галерея қорында жақын шет елдердің, еліміздің және жергілікті суретшілердің мыңға жуық туындысы сақталған.

Ал «Ақмешіт» музейі – Николай патша заманынан бері келе жатқан, 1905 жылы салынған архитектуралық тарихи мұра. Музей бірнеше залға бөлінген. Бірінші зал – қаланың алғашқы Қамысқала болып негізі қаланған тұстан басталып, Ақмешіт, Перовск кезеңдеріне жалғасады. Екінші бөлімде Орынбордан астананың Ақмешітке көшірілуі, ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, тарихи ғимараттар мен ұлы тұлғаларымыз туралы құндылықтар орын алған. Үшінші зал облыстың құрылу тарихы және аймақтағы өндіріс салаларының дамуынан дерек берсе, соңғысы – зиялы қауым өкілдерінің қонақ бөлмесінің интерьері залы. Онда сол кездегі тұлғалар тұтынған жиһаздар мен мүліктер орналасқан. Сондықтан мұнда жас ұрпақтың өткен тарихты танып-білуіне зор мүмкіндік жасалған.

Жалпы жаһандану заманында мәдени мұраны сақтап, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып отырған облыс бойынша барлығы 14 музей халыққа қызмет көрсетеді. Олар – облыстық тарихи-өлкетану музейі, 7 аудандық тарихи-өлкетану музейі, Қорқыт ата мемориалдық музейі, Қазалы ауданындағы Ф.Мұратбаевтың мемориалдық музейі, Шиели ауданындағы Н.Бекжановтың мемориалдық өнер музейі және Ы.Жақаев атындағы күрші өсіру тарихы музейі, Қызылорда қаласының тарихы музейі, Арал қалалық тарихи музейі.

Сырлы дүниелер және тағылымды тарих пен дәстүр ұштасқан, ұрпақтар жалғастығының негізгі алтын көпірі – музей. Сол себепті көнеден жеткен жәдігерлерді жинақтап, көздің қара-шығындай сақтайтын мәдени орынның бәсі ерқашан биік.

Айдар САЙЛАУОВ

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

ЖШС «Виктория» Қазақ-Болгар біріккен кәсіпорны (БСН 981240007217) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Қазантаев көшесі 1, байланыс тел.: 87773361080.

«Қызылорда облысының ушу кунг-фу федерациясы» қоғамдық бірлестігі (БСН 160240003141) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Н.Лиясов ауылы, Мұратбаев көшесі 12 үй.

Жастар жаңалықтары



Ақмешіт төріндегі жүздесу

Қызылорда. Жыраулар үйінің мәжіліс залында Қызылорда қалалық жастар театрының өртістері белгілі өнер тарландарымен кездесті.

«Тұңғышбай. Таным. Театр. Тарих» атты Қазақстан театр қайраткерлері одағының төрағасы, Қазақстанның халық артисі, профессор Тұңғышбай Жаманқұловпен кездесуге Қазақстан театр қайраткерлері Одағының жауапты хатшысы, театр және кино актрисасы Рабига Ағманова, актер, композитор, Қазақстанның мәдениет қайраткері Қадырғали Көбентай, С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық драма театрының басшысы Біржан Жалғасбаев қатысып, жас өртістер құрметті қонақтармен көкейде жүрген ойларымен бөлісіп, сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Кеш соңында өнер иелерімен пікір алмасып, қонақтарға дәстүр бойынша құрмет көрсетілді. Өз кезегінде өнер қайраткері Тұңғышбай Қадырұлы жас ұжымның дарынды өртістеріне бата беріп, толағай табыс тіледі.

Волейболдан жарыс өтті

Арал. Аудандық қоғамдық даму бөлімінің тапсырысымен, жастар ресурстық орталығы және «Жас Арал өрендері» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің қолдауымен Арал қаласында 2010-2011 жылдары өмірге келген және одан кіші жасөспірім қыздар арасында волейболдан №19 Арал ауданының ОРМБЖ мектебінің ашық біріншілігі өткізілді.

Жарысқа облысқа қарасты аудандардан 15 команда қатысып, өзара бақ сынасты. I орынды №19 Арал ауданының ОРМБЖ мектебі, II орынды Сырдария ауданы құрамасы иемденсе, III орынды Қызылорда қаласының құрамасы еншіледі.

Ана – өмір шуағы

Қазалы. Аналар күніне орай Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Ана - өмір шуағы» атты кездесу кеші өтті. Мерекелік басқосуға Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының және ауылдық округтердің әйелдер кеңесінің төрайымдары қатысты.

Жыныда аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуімбетов елімізде алғаш рет өтіп жатқан мерекенің маңызына тоқталды, сондай-ақ барша аяулы жандарды мерекемен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. Барша аналар қауымына аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің ыстық ықыласын жеткізіп, мерекелік «Құттықтауын» табыстады.

Шарада аудан өнерпаздары аяулы жандарға арнап, әсем әннен шашу шашып, ерекше көңіл-күй сыйлады.

Облыстық турнир басталды

Қармақшы. Қазақстан Республикасының «Спорт шебері» Әсет Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир басталды.

Дүбірлі спорт додасының ашылу салтанатына аудан әкімі Жандос Еркінбек қатысып, Ә.Сүлейменовтің өнегелі өмір жолы мен спорттық мансабында жеткен жетістіктері туралы сөз қозғады. Сондай-ақ ауданда спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану, спортқа баулу мақсатында салынып жатқан спорт кешендерінің жуырда пайдалануға берілетінін айтып, турнирге қатысушы жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған дәстүрлі спорт бәсекесінде 150-ге жуық спортшы бақ сынады.

Жайдарманшылар жолдама жеңіп алды

Жалағаш. Жайдарман ойындарының «Маусымашар – 2024» республикалық фестивалінде жас жайдарманшылар Астана қаласында іріктеу кезеңінде өнер көрсетті. Жолдама алған оқушыларға арналған лига Алматы қаласында басталды. Сайысқа республиканың түкпір-түкпірінен келген мықты командалар қатысып, тартысты ойын көрсетті. Ауданның намысын қорғайтын «Таң жастары», «Мардан ұландарды», «Дәуімбай құрамасы» жайдарман командалары «Jaidarman junior» ойынында өнер көрсетті.

Нәтижесінде М.Байділдаев атындағы №232 орта мектеп және З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп оқушыларынан құралған «Мардан ұландары» командасы оза шауып, келесі кезеңге жолдама алды.

«Жас құтқарушылар» экскурсияда

Сырдария. №36 Ә.Тәжібаев атындағы мектеп-лицейінің жас құтқарушы кадет сыныбының оқушылары Қызылорда қаласындағы төтенше жағдайлар департаментінің мұражайына және жедел құтқару жасағының мекемесіне экскурсия жасады.

Оқушыларға азаматтық қорғау саласындағы құтқарушылардың тыныс-тіршілігі таныстырылып, құтқару жасағының судағы және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша құралдарымен таныстыру жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шара соңында оқушылар өз алғыстарын айтып, «құтқарушы» кім және қаншалықты өз өмірімен төуекел ететін қызмет екенін түсініп, бұл экскурсия алдағы уақытта мамандық таңдауға оң ықпалын тигізетінін айтты.

«Қарапайым кітаптың» тұсауы кесілді

Шиели. Бұдабай Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйінде өнші-сазгер Әл-Фараби Бекарысұлының «Қарапайым кітап» атты кітабының тұсаукесер рәсімі және әдеби-сазды кеші өтті.

Мерекелік концерт автордың өмір жолына арналған шағын театрландырылған көйылыммен басталды.

Концерт барысында Шиели ауданы әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов аудан әкімінің құттықтау хаты мен сый-сияпатын табыстады. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмайл, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тастанбек Яхияұлы, Әл-Фараби Бекарысұлының ағасы Жанарыс Бейімбетұлы құттықтау сөз сөйлеп, жаңа кітаптың лентасын қиды.

Мерекелік концертке эстрада өншісі Роза Әлқожа, өнші-сазгер Үкітай Ерниязов қатысты.

Кітап оқу бәйгесі жалғасуда

Жанакорған. Жастар арасында кітап оқуға деген құштарлықты оятып, кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Тұлғалыққа бір қадам» атты кітап оқу бәйгесі бастау алды.

Сайысқа ауданның білім ордаларынан 300-ге жуық оқушы қатысуда. Бәйгеге қатысушылар арасында «Кішкентай ханзада» кітабы бойынша флешбук жиыны өткізілді. Оқушылар өзара жарысқа түсіп, үздік деп танылған №56 мектеп пен №163 мектеп оқушылары «Жанарған Жанакорған Жастары» қоғамдық қорының қолдауымен қаржылай сертификатқа ие болды.

Сонымен қатар Ш.Мұртазаның «Ай мен Айна», Б.Сәдуақасұлының «Менің атым Қожа», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармаларынан тест тапсырып, жеңімпаздар диплом, қаржылай сыйақылармен марапатталды.

«АЖ» ақпарат

КРИПТОВАЛЮТА қаншалықты қауіпсіз?

Басы 1-бетте

Криптовалюта – қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жаңа бірліктердің құрылуын бақылау үшін криптографияны қолданатын сандық немесе виртуалды валюталар. Олар Blockchain технологиясы негізінде жұмыс істейді және интернетте анонимді, қауіпсіз транзакцияларды қамтамасыз етеді. Криптовалютаның өзіндік шегі бар. Яғни шекті бір санды мақсат етсеңіз, кейін жоспарланған бағадан асып кету мүмкіндігі болмайды. Криптовалюта – тауар және ақша.

Криптовалютаның ерекшелігі – олардың орталықтандырылмаған табиғаты. Орталық банктер мен үкіметтер бақылайтын тенге, доллар, еуро, сияқты дәстүрлі валюталардан айырмашылығы, желінің әрбір мүшесіне жалпыға қолжетімді транзакциялар тізілімінің көшірмесін алуға мүмкіндік береді.

Криптовалюталар, сонымен қатар банк жүйелері мен олардың комиссияларын айналып өтіп, жылдам және арзан халықаралық транзакцияларға мүмкіндік береді.



– Қазақстанда криптовалюта саласы әзірге айтарлықтай дамымаған, десе де оның жұмысын жүргізетін ең ірі биржалардың бірі Binance Қазақстанда лицензиясын алды. Сондықтан Қазақстан азаматтарына заңды түрде криптовалютаны қолдануға болады. Алайда көптеген қызмет көрсететін орталықтарда криптовалютамен төлем жасауға мүмкіндік жоқ.

Криптовалютаны қолданатын кейбір мемлекеттер онлайн төлем жасай алады және инвестиция құралы ретінде пайдаланады. Ол виртуалды валюта болғандықтан, қолдану және сақтау өте тиімді. Дегенмен кез келген активті сатып алудың өзіндік қауіпі бар. Биткойнды сатып алғанмен, кейін оның болашағы сіздің активіңізге кері әсері етуі мүмкін. Менің пікірімше, биткойн сатып алу қауіпті емес, тек сатып алатын нүктені дұрыс табу керек.

Web 3.0 қазір қарқынды дамуда, басқа мемлекет өкілдерімен де жұмыс істеу крипто арқылы тиімді бола бастады. Сол себепті криптовалютаны басқару тиімді. Криптовалютаның түрі көп және көбі эко-системаға өз пайдасын тигізеді. Криптовалюта арқылы NFT секілді активтерді сатып алуға болады. Криптовалюта өзара алмасу алатын токен болғандықтан, басқа да токендерді криптовалютаға сатып алуға болады, – дейді экономист Бекболат Сұлтан.

Десек те цифрлық валютаның да өзіндік кемшіліктері бар. Мәселен, валютаның жоғары деңгейдегі құбылмалылығы, яғни тұрақсыздықтың өсерінен криптовалюта бағасы өзгеруі мүмкін. Бұл олардың айырбастау және сақтау құралы ретіндегі құнын төмендетеді. Криптовалюта орталық банктерге бағынышты болмағандықтан, оларды пайдалану тұтынушылардың жеткіліксіз қорғалуына және алаяқтықтың орын алуына әкелуі мүмкін. Атап өтетін маңызды кемшіліктің бірі – криптовалюталарды заңсыз, яғни терроризмді қаржыландыру және басқа да жасырын мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі бар. Цифрлық валютаның техникалық осалдығын да есте сақтаған жөн. Себебі оның салдары биржалар мен әмияндарды бұзуға, құпия сөзі ұмтылған әмиянға кіруден шектеп, қолжетімсіз етуі мүмкін. Сонымен қатар оның экологиялық та әсері бар. Кейбір криптовалюталар, әсіресе Proof-of-work тау-кен алгоритмдерін қолданатындар, қоршаған ортаға әсер ететін үлкен көлемдегі энергияны тұтынады. Мұндай қорғаныс мәселелері сіздің жеке мәліметтеріңіз бен валюталарыңыздың қауіпсіздігін сақтамауы мүмкін. Бұл – ескеретін жайт. Инвесторлар әрбір шешімді тиянақты қабылдауы тиіс, эмоцияның өсерімен «ақша табу керек» деген асығыс ойдан аулақ болу маңызды. Сол себепті алаяқтықтың құрбаны болмау үшін лицензияланған криптокомпаниялармен, крип-тобиржалармен байланысқан жөн.

– Есте сақтауға тиісті маңызды дүние: қысқа мерзімді пайда немесе ұзақ мерзімді жинақтау болсын, нақты және шынайы инвестициялық мақсаттар қою керек. Жылдам пайдаға ұмтылудан, нарықтық толқудың өсерінен эмоционалды әрекет етуден аулақ болу маңызды. Тәртіпті және салмақты тәсіл сізге инвестициялық стратегияны құруға, жақсы

басқаруға және тәуекелдерді азайтуға көмектеседі, – деп кеңес берді BigONE криптовалюта бизнесін дамыту жөніндегі вице-президенті Афина Миао.

Криптовалютаның кемшіліктерінен бөлек айрықша пайдалы тұсы да көп. Цифрлық валютаны мемлекеттік банктер бақылауда ұстай алмайды. Мәселен, заңды түрде сіз некеңізді бұзғыңыз келсе, мүлкіңіздің белгілі бөлігін беруге тиісті боласыз. Алайда криптовалюта заңмен қудаланбайды және оны ешкіммен бөлісуге міндетті болмайсыз.

Дәстүрлі банктік аударымдармен салыстырғанда, криптовалюта операциялары төмен комиссиялармен және қысқа мерзімде жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ ол транзакциялардың ашықтығы мен қауіпсіздігін сақтай отыра, манипуляциялар мен цензураға төзімді болады. Анығырақ айтсақ, әрбір криптовалюта шифрланған, оны ұрлау немесе өзге де астыртын әрекеттерді жүзеге асыру мүмкін болмайды. Тіпті 1 криптовалютаны бұзу үшін мың жыл уақыт керек деседі.



Қазір ең ірі агрегаторларының бірі – CoinGecko мәліметтері бойынша, 2024 жылдың басында әлемде цифрлық активтерді айырбастау және саудалау үшін 1500-ден астам алаң жұмыс істейді.

Әлемдегі кейбір мемлекетте криптовалюта қолдануға, онымен саудаласуға рұқсат берілген. Қазақстанда да ресми түрде майнингпен айналысуға болады, алайда елде криптовалютамен еркін айналымы бар деп айтуға болмайды.

Елімізде криптовалюта даулы құқықтық мәртебеге ие, өйткені оны өндіруге болғанымен, қаржылық операциялар жүргізуге болмайды.

ТҮЙІН.

Әлемде криптовалюта инвесторлар мен әртүрлі сала өкілдерінің қызығушылығының арқасында дамып келеді. Кейбір елдер криптовалютаны белсенді қолдап, қаржы, логистика, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару сияқты әртүрлі салаға блокчейн технологияларын енгізеді. Басқа елдерде криптовалюталар дәстүрлі қаржы институттарына кедергі келтіріп, қарсылығына тап болып жатады. Бірақ соған қарамастан крипто саласы дамып келеді.

Нұршат
НЫШАНОВА

Blockchain – көптеген криптовалютаға негізделген технология, барлық транзакция туралы деректердің ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Кейбір криптовалюталар инвесторларға жылдам өсуі мен құбылмалылығының арқасында жоғары табыс әлеуетін ұсынады. Соның арқасында инвестиция құюға мүмкіндік алады. Сонымен қатар криптовалюта және blockchain – технология, логистика және медицина сияқты әртүрлі салалардағы инновацияларды ынталандырады. Жаңа жобалар мен технологиялар үнемі пайда болып, криптовалюта қолданудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Инновациялық мүмкіндіктер сіздің крипто-қаржы қорыңыздың қомақты болуына үлес қосады.

Криптовалюта және Blockchain технологиясын дамытуға және ілгерілетуге айтарлықтай үлес қосқан бірнеше табысты тұлға бар. Мәселен, Сатоши Накамото. Ол – биткойнды жасаушы, бірақ оның шынайы тұлғасы әлі күнге дейін құпия.

Виталик Бутерин – «Ethereum» ақылды келісімшарт платформасы және орталықтандырылмаған қосымшалар негізін қалаушы.

Чарли Ли – ең танымал балама криптовалюталардың бірі Litecoin-ді жасаушы.

Санпин Джоо (CZ) – CEO Binance, әлемдегі ең ірі криптовалюта биржаларының бірінің негізін қалаушы.

Джозеф Любин CEO Chainlink, блокчейндегі сыртқы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ақылды келісімшарт платформасын ойлап тапқан.

Кавин Вуд – «Ethereum» негізін қалаушылардың бірі және әртүрлі блокчейн желілері арасындағы интероперабельділік платформасы «Polka dot»-ты құрушы.

АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Кез келген демократиялық қоғамда адамның құқықтары мен бостандықтары сергек және әділ қауымдастықтың іргетасы болып табылады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары ұғымы – оның қадір-қасиетін, әлауқатын және бостандығын қорғаудың негізі.

Бұл құқықтар мемлекет немесе басқа тұлғалар тарапынан қысым көрсетуден, кемсітуден және билікті асыра пайдаланудан қорғау ретінде қызмет етеді. Құқық пен бостандықтың қорғалуы әртүрлі құқықтық құжаттарда және халықаралық конвенцияларда, мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген. Олар адам отбасының барлық мүшесінің туа біткен қадір-қасиеті мен тең құқықтарын мойындайды. Бұл құқықтарға өмір сүру, бостандық және жеке басының қауіпсіздігі, сондай-ақ пікір білдіру, жиналыстар және бірлестіктер бостандығы кіреді.

Сондай-ақ қоғамдағы жеке адамдардың әл-ауқаты мен жан-жақты дамуы үшін маңызды саналатын экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қамтиды. Ең маңызды құқықтың бірі – жеке адамдарға цензурадан немесе кек алудан қорықпай өз пікірлерін, сенімдерін және идеяларын білдіруге мүмкіндік беретін сөз бостандығы құқығы.

Бұл құқық белсенді демократия үшін өте маңызды. Өйткені ол ашық пікірталастарға, әртүрлі көзқараспен алмасуға және билік басындағыларды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Сол сияқты, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы адамдардың автономиясы мен қадір-қасиетін қорғауда шешуші рөл атқарады.

Ол адамның жеке өміріне, отбасына, үйіне және хат жазысуларына араласпау құқығын қамтиды. Цифрлық ғасырда құпиялылықты қорғау маңыздырақ, өйткені технология жеке апаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, теңдік пен кемсітушілікке жол бермеу құқығы барлық адамға олардың нәсіліне, жынысына, дініне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан құрмет пен қадір-қасиетпен қарауды қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл құқықты қолдау жеке адамдардың қоғам өміріне толық қатысуына кедергі келтіретін құрылымдық теңсіздіктер мен кемсітушіліктерді жоюды талап етеді.

Құқықтардан басқа, адамдардың жалпы әл-ауқаты мен дамуы үшін маңызды бостандықтары бар. Бұл бостандықтарға қозғалыс, мәдени өмірге қатысу, жұмыс істеу және білім алу еркіндігі жатады. Бұл адамдарға қанағаттанарлық өмір сүруге және өз қауымдастығы мен жалпы қоғамға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Барлық азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қорғау және ілгерілету – үкіметтің, мекеме және жеке адамдардың міндеті. Бұл осы құқықтарды қолдайтын заңдар мен саясатты жүзеге асыруды, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтары мен оларды қалай жүзеге асыру керектігі туралы білім беруді және хабардар етуді талап етеді.

Бұл құқықтарды қолдау өз әлеуетін жүзеге асыра алатын әділ, инклюзивті және демократиялық қоғам құру үшін маңызды. Қоғамның барлық мүшесі осы құқықтарды қорғау, ілгерілету және олардың келесі ұрпақ үшін құрметтелуін, сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бірлесіп жұмыс істеуге міндетті.

Дәурен ШАРИПБАЕВ,
Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі
уәкілдің Қызылорда облысы
бойынша өкілі

Басы 1-бетте

Дәулет ӘЖДАР:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ӨЗІ ЕМЕС, ОНЫ ЕРТЕ МЕҢГЕРГЕНДЕР ОРНЫМЫЗДЫ БАСАДЫ



QR кодпен немесе қашықтан төлем жасауға әбден үйренгеніміз рас. Қазақстанда енді карта, кілт тіпті төлем жасау процесі алақан арқылы жүзеге асуда. Иә, бұл цифрландырудың жаңа деңгейі десек, жаңылмаймыз.

АЛАҚАН: БИОМЕТРИЯЛЫҚ ТӨЛЕМ



Сканерлеу. Тану. Шифрлау

Алақан – алақан тамырларының үлгісіне негізделген биометриялық жүйе. 2020 жылы құрылған жобаны бүгінде 100 мыңнан астам адам қолданады. Жүйенің басты артықшылығы – қауіпсіздік. Отандық мамандар әзірлеген құрылғыда банк карталары мен қолма-қол ақшалар алақанмен алмастырылады.

Төлем жасау үшін арнайы мобильді қосымшаны жүктеп, жеке кабинет арқылы банк картаның тіркелісіз. Құрылғы сырт келбетіңізге сәйкес сынарыңызды да, суретке түсірілген алақан бейнесін де қабылдамайтын көрінеді. Төлем кезінде сканерге алақанды жақындату ғана жеткілікті. Алдымен алақан тамырларын сканерлеу процесі жүреді. Цифрлық кодта шифрланған тамырлар үлгісі арқылы құрылғыдан сізге тіркелген код ізделеді. Базадағы кодпен сәйкес келген сәтте төлем жүзеге асады.

Дәл осы жүйемен «Балаларға қамқорлық» қызметі де жұмыс істеуде. Мектеп қызметкерлері мен оқушыларын тіркеу, оқушылардың кешікпеуін қадағалау үшін мектептерге де орнатылған. Турникеттен өту үшін картаның да қажеті жоқ. Ал барлық мәлімет арнайы мобильді қосымшаға орналастырылған. Сондай-ақ ата-анаға баланың мектепке кіру, шығу уақыты, асхана мәзірі мен баланың асханада жасаған саудасы да көрсетеледі. Мәселен, елордадағы Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектептің оқушылары жуырда «Алақан» жобасына ауысты.

– «Алақан мектеп» жобасын ата-аналардың көмекшісі деп санаймыз. Оқушы мектепке «алақанмен» кіреді, асханада төлемдерін де «алақанмен» жасай алады. Кітапханада да «алақан» оқырман билеті ретінде саналады. Мектеп қауіпсіздігі үшін де жақсы. Бөгде адам кіре алмайды, – деген еді жоба жетекшісі Берік Нұрымбетов 24.kz телеарнасына берген сұхбатында.

Жоба авторларының айтуынша, 2021 жылы алғашқы сатылым жүзеге асқан. Ал төлем процесі 2023 жылы басталған. Өнертапқыштар 3 жыл аралығында елдегі нарық толығымен «Алақан» жүйесіне көшпеді деген сенімде. Жобаға Сауд Арабиясы, Грузия, Африка елдері қызығушылық танытып отыр.

– **Өзіңіз ашқан DA digital агенттігі туралы айтсаңыз...**

– DA Digital агенттігі – сандық технологиялар, UX/UI дизайн, графикалық дизайн және маркетинг саласында қызмет көрсететін агенттік. Біздің мақсатымыз – кәсіпкерлер мен мекемелердің жұмысын сандық технологиялар арқылы оңтайландыру және тұтынушыларымызға сапалы, тиімді шешімдер ұсыну. Былтыр кәсіпкерлер мен маркетингтік компаниялардың жұмысын жеңілдететін бағдарламамен айналыстым. Бұл кәсіпті 2022 жылдың жаз мезгілінен бері жүргізудемін. Биылдан бастап бизнеске жасанды интеллект құралдарын енгізу қызметтерін ұсынуды қолға алудамыз.

– **Президенттің сайлауалды штабында дизайнер ретінде жұмыс істеген екенсіз. Жұмыс барысы туралы айтып берсеңіз, қандай да бір қиындықтар болды ма?**

– 2018 жылы веб-дизайн және фриланс бойынша курстар өтіп, өткен жылға дейін веб, графикалық дизайн мен маркетинг салаларында түрлі жобалармен айналыстым. 2022 жылдың күзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды штабында графикалық дизайнер ретінде мансаптық жолымды жалғастырдым. Жұмыс барысында үгіт-насихат материалдарын әзірлеп, инфографика, презентация, әлеуметтік желіде жарияланатын ақпараттың дизайндарын жасадым. Жасанды интеллекттің кенеттен дамуы да осы кезеңге сәйкес келді. Сол уақытта әріптестерімнің арасынан алғашқылардың бірі болып MidJourney, кейін chatGPT нейрожелісін қолдана бастадым. Бұл екі нейрожелі бүгінде әлем бойынша ауқымды әрі кең таралған жасанды интеллект құралдары. MidJourney арқылы кез келген сурет түрін жасай аламыз, ал chatGPT көмегімен мәтін жазу, құжатты өңдеуге қатысты түрлі жұмысты атқаруға болады.

– **«AI адам орнын алмастырады» деп дабыл қағушылар көп. Сіз не дейсіз?**

– Жасанды интеллекттің адам орнын басуы фантастика емес. Дәл қазіргі жағдай қайтарымсыз процесс. Астаналық және Алматылық кәсіпкерлер SMM, копирайтер тіпті дизайнер мамандарын қысқартып, нейрожелілерді менгерген бір ғана адамға жұмыс ұсынатын деңгейге жеткен. Себебі жоғарыда айтылған chatGPT өзі мәтінге қатысты кез келген тапсырманы еш қатесіз, жас SMM, копирайтер мамандарынан әлдеқайда сапалы өнім ұсынатынына кәсіп иелерінің де көзі жетуде.

Адамдардың басым бөлігі «AI әзір орнымызды баса қоймайды» деген түсінікпен жүр. Дамыған технологияның бұл түрін фантастика санатындағы әңгіме деп ойлайды. Алайда қазірдің өзінде екі-ақ нейрожелі бір баспасөз бөлімін жабатындай дәрежеге жетіп отыр. Шынымен де қорқынышты естілуі мүмкін, бірақ келесідей нәрселерді түсінгеніміз абзал. Біздің орнымызды жасанды интеллекттің өзі емес, оны ерте менгерген адамдар басады. Сондықтан жаңа технологияны үйренуден, жаңашылдықтан қорықпауымыз қажет. Роботтар қара жұмысшыларды алмастырады деген де түсінік бұрыннан қалыптасқан. Олар шығармашылық мамандықтарды ауыстыруы мүмкін емес екені жиі айтылатын. Тіпті киноларда физикалық үлкен пішіні бар роботтарды көрсететін. Ал шын мәнінде барлығы керісінше болды. Креативті ойлауды қажет ететін мамандықтардың орнын басу қаупі соңғы 1 жылда күрт өсіп кетті.

ЖИ – өзін өзі оқытатын жүйе. Тіпті қазақ тілін де меңгеру жылдамдығы артады. 6 және 1 ай бұрынғы қазақ тіліндегі хабарламада жақсы өзгерістер бар. Қазір сіз жасанды интеллектті менгермесеңіз, кейін олар сізді менгеретін болады.

Бұл үдерісті Instagram желісінің дамуымен салыстыруға болады.

Осыдан 10 жыл бұрын бұл әлеуметтік желіні тек фото жүктейтін қосымша ретінде қабылдайтын.

Қазір Instagram – Қазақстандағы бизнес жүргізуге арналған №1 құрал. Мұндай мысалдан шығатын қорытынды, әлеуметтік желіні менсінбегендей, жасанды интеллектке де бейжай қарауға болмайды.

– **Жасанды интеллект қандай салаларда жиі қолданылады?**

– Бүгінде ЖИ барлық салаға мықтап енген. Әсіресе IT, SMM, маркетинг бағытында жиі қолданылады. HR және рекрутинг, медицина, қаржы және кей кезеңдерде психологтардың орнын толығымен алмастыра алады. Мәселен қазіргі таңда ChatGPT 4 бағдарламасы копирайтерлердің 90%, контент менеджерлердің – 70%, SEO мамандарының – 50%, веб-дизайнерлердің – 40%, арт директор мамандарының – 20%-ын алмастырып жатыр.

– **Жас фрилансерлерге қандай кеңес, лайфхак айтар едіңіз?**

– Менің фриланстағы алғашқы тәжірибем сәтсіз аяқталды. Оған себеп, фрилансқа шығар алдында ескеретін кей тұстарға мән бермегенім.

Жаңа салаға аяқ басқанда қаржылық сауаттылық маңызды рөл атқарады. Әсіресе фриланста 3-6 ай аралығына жететін артық ақша болуы қажет. Бұл – «қаржылық жастық» деп аталады. Тапсырыс аз немесе мүлде болмаған айларда сізге нан болатын ақша. Мен фрилансқа отбасылы болар алдында шығып, «қаржылық жастық» той шығындарына кеткен еді. Осылайша жарты жылға созылған тұрақсыз табыстан «өртеңгі» кеттім.

Келесі қателік – үйден жұмыс істеу. Үйдегі тоназытқыш та, жылы көрпе де сені жалқаулыққа шақырады. Егер сен тым болмаса кофеханада жұмыс істесең, айналандағы келушілер немесе кофехана қызметкерлері сені жұмыс процесіне қуа болады. Бұл психологиялық тұрғыдан жұмысыңа құндылық беретіні дәлелденген. Келесі қателік жеке брендінді дамытпай, ауадан тапсырыстар түсетініне сену. Ең бастысы – мықты дисциплина, күнделікті өз-өзіңді жұмыс істеуге итермелейтін тәртіп қажет.

– **Қызылордада 1 күндік тренинг өткіздіңіз. Интенсив қалай өтті? Сіздің ойыңызша жалпы сырбойлықтардың ақпараттық технологиялар саласындағы қарқыны қандай?**


– Иә, Қызылордада AI революция тақырыбында нейрожелілер бойынша интенсив өтті. Семинар-тренингті қолдаған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Жасанды интеллект институтының мамандарына алғысым шексіз.

Қызылордада ЖИ-ға арнайы институттың ашылуы өңірдегі ақпараттық технологиялар саласының даму қарқыны мықты екенін көрсетеді. Мен Сыр бойындағы IT қауымдастықтың құрамында бармын. Комьюнити де түрлі тақырыпта талқылау жүргізіледі. Бірақ жасанды интеллект жайлы тек осы ортада жүрген санаулы адамның білетініне таңқалдым. Кәсіпкерлер мен басқа да сала өкілдері жасанды интеллекттің пайдасы туралы толық білмейді екен. Астанада мемлекеттік қызметкерлер, журналистер, маркетинг және басқа да сала мамандары жұмыс процесінде жасанды интеллектті оңтайлы қолдануда. Басқа аймақ тұрғындарының да қызығушылығы жоғарылап, AI аясының мүмкіндіктерін толығымен білсе екен деймін.

– **Биылғы жоспарыңызбен бөліссеніз...**

– Дизайн-эксперт ретінде біршама жерде төбе көрсетіп, нәтижелі жұмыс атқардым деп ойлаймын. Осы жылдағы мақсат – жасанды интеллект саласындағы біліктілігімді арттыру, даму. Бизнеске әсері мен көмегі туралы көбірек айту, ақпараттандыру.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**



Ойын-сауықтан бастап медицина, білім, ғылым мен бизнеске кеңінен тамырын жайған ақпараттық технологияларға сұраныс артуда. Жұмыс барысын оңтайландырып өрі автоматтандыруда таптырмас шешімдер ұсынылуда. Ал мұның барлығы, өрине біліктіліктің нәтижесі. Сыр өңірі де бұл салада өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан аймақ. Аймақтағы IT секторы дамытуға ниетті жастар көп.

ҮЗДІК ІТ ЖОБАЛАРДЫ АНЫҚТАЙТЫН БАЙҚАУ



Digital мен IT бағытындағы дамушы орта үшін жыл сайын байқау, хакатон мен іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Мәселен, биыл алтыншы рет облыстық «Hackathon Kyzylorda» өтеді. Байқаудың ережесі туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев баяндады.

– 17 мамырда өтетін EdTech Hackathon Kyzylorda облыстық байқауына білім саласындағы IT жобалар қабылданады. Мақсаты – стартап жобаларды, цифрлы шешімдер мен талантты мамандарды іздеу, ақпараттық технологиялар, инновациялық және стартап жобаларды дамыту. Үздік жобаларға 500 000 теңге көлеміндегі қаржы бөлінді. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім гранты табысталады, – деді Жанарыс Алтынбекұлы.

Хакатонда 16-35 жас аралығындағы жастар бақ сынаиды. Топпен қатысу мүмкіндігі де қарастырылған. Жыл сайын қатысушылар саны да өсіп жатыр. Мәселен, 2022 жылы республика күні қарсаңында өткен додаға 270 жас қатысып, 100-ге жуық жоба таныстырылса, былтыр 350 жас өтінім қалдырып, 120-ға жуық жоба қорғалған.

Спикердің айтуынша, биылғы сайыстың ролі зор. Себебі осы жылдың өзінде хакатон 4 мәрте ұйымдастырылады. Сәйкесінше кезекті әр байқаудың өз бағыты болмақ.

– Дәстүрге айналған байқау жастар арасындағы бәсекелестікті шыңдай түсетініне сенімдімін. Ізденімпаз жастардың жаңашыл дүниелерін асыға күтеміз. Байқауға қатысу үшін www.kyzylordahub.kz сайтына кіріп өтінім бере аласыздар, – деді Ж.Түбекбаев.


Сыр өңірінде білімді жастардың, білікті болашақ мамандардың өсіп жатқаны анық. Бүгінгі буынның инновациялық жобалары IT салаға жаңа серпін мен жаңашылдық әкеледі деген ойдамыз.

Дүйсен ОЙНАРОВ, дәрігер, онколог:

КАТЕРЛІ ІСІКТІ 100% ЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БАР

Медицина қанша дамыды десек те, адамзат баласы ауыздықтай алмай отырған дерттің бірі – қатерлі ісік. Қылышдағандай жасқа да, қартайған көріге де қарамайтын онкологиялық аурудың 250-ден астам түрі бар деседі. Құлан таза айығуды армандаған адамның күдігі күшейгенімен, үміті үзілмейтіні белгілі.

Осы орайда білікті дәрігер, онколог Дүйсен Ойнаров онкологиялық ауру ерте сатысында анықталса 100% емделетінін айтып, туындау себептері мен алдын алу шараларына тоқталды.



– Онкология – жаңа технология мен күрделі әдіс-тәсілдерді ұштастырған медицинаның басты бөлігі. Бұл саланы таңдауыңызға не себеп болды?

– Негізгі мамандығым – хирург. Бірақ онкология саласына келуіме осы аурудың халық арасында кең таралып, “жасаруы” себеп болды. Бұл дерт бұрын 30-40 жаста жоғары адамдар кездесе, қазір 18-20 жастағы пациенттердімен де белгілері байқалады. Сондықтан зерттеп, емдеу жолдарын іздестіру мақсатында осы саланы таңдап, 30 жылдан бері онкологияда қызмет етіп келемін.

– Дүниежүзінде қатерлі ісік өлім-жітім дерегі бойынша екінші орында тұр. Қатерлі ісік қалай пайда болуы мүмкін? Адамдар көбіне қай түрімен ауырады?

– Аурудың пайда болуына бір емес, бірнеше фактор әсер етеді. Көбі қатерлі ісік әбден асқындып, метастаз бергенде, яғни басқа ағзаларға таралып, әсер ете бастағанда ғана дәрігердің көмегіне жүгінеді. Жұртшылық бұл ауру тамақтанудың дұрыс еместігінен туындайды деседі. Дегенмен дәрігер ретінде басты себептің бірі Соса-Cola мен Gorilla секілді энергетикалық сусындарды тұтыну салдарынан деп ойлаймын. Бұрын сүт, айран, шұбатты күнделікті ішетін халық қазір ағарғанға аса мән бермейді. Мұнан кейін қатерлі ісік ішімдік ішіп, шылым шегетін адамдарда жылдам дамиды.

Онкология – сездірмей келетін ауру. Ең қиыны да – сол. Еш жерің ауырып-сырқамайды.

Тамырлап, денеге дендеп енгеннен кейін ғана белгі береді.

Қызылорда облысында өңеш, асқазан-ішек жолдары ісігімен ауыратындардың қатары көп. Омырау безінің ісігі де жасқа қарап жатқан жоқ. Оны да ерте сатысында анықтауымыз.

– Бірнеше жыл бұрын қатерлі ісікті ерте сатысында анықтайтын заманауи позитронды-эмиссионды томография (ПЭТ) аппараты Қазақстанның бірнеше қаласында ғана бар еді. Қызылордаға бұл құрылғы келді ме?

– Онкологияны ерте анықтауға арналған бұл аппарат Қызылордаға қашан келетіні белгісіз. Шаштан тырнаққа дейін томографияға түсіретін мұндай құрылғы қазір Алматы және Астана қалаларында ғана бар. Тегін де түсіреді, ақилы көрінсеңіз, бағасы сәл қымбаттау. Экологиялық аймақ болғандықтан Қызылордаға келіп қалуы да мүмкін.

– Халық арасында «бұл дерт емделмейді» деген көзқарас басым. Онкологиялық аурудан жазылған адамдар бар ма?

– Онкологияны ерте сатысында анықтау жақсы белгі. Бұл орайда он жеті облыстың ішінде Қызылорда өңірі алдыңғы орында. Қатерлі ісік ерте сатысында анықталса, 100 процент жазылады. Омырау безі, сүт безі, жатыр мойны қатерлі ісігімен ауырған науқастарды емдеу мүмкіндігі жоғары. Әсіресе, Қызылорда облысында. Сыр өңірінде онкологиялық ауруларды зерттеу, диагностикалау деңгейі айтарлықтай жоғары, химиотерапиямен, сәулелеумен емдейтін, ота жасайтын білікті хирург-онколог дәрігерлермен қатар, сапалы медициналық құрал-жабдықтар да жеткілікті.

Біз өзіміз ауруды асқындырып апарамыз ғой. Бұрын қылтамақ, асқазан ауруының емі жоқ деп білетін. Қазір қай ауруды болсын саулемен, химиялық жолмен не ота арқылы емдеуге мүмкіндік бар.

Ертеде бұл аурудың атын естісе, уайымдайтын халық қазір онкологиялық аурудың бар-жоғын анықтап, көрінуден қашпайды. Себебі медициналық тексерулер ақсыз, облыста МРТ, КТ, УЗИ түрлері, эндоскопия сынды аппараттардың барлығы тұрғындарға тегін.

Бүгінде қатерлі ісікті ерте сатыда анықтау үшін тұрғындарды медициналық профилактикалық тексеруден өтуге ынталандырамыз. Жұртшылыққа бұл ауру нақты тексерістерден кейін ғана анықталатынын, емді ерте бастау, жақсы нәтижеге алып келетінін жиі айтамыз.

Халық арасында ісіктің белгісі байқалса, емшілерге көрінетіндер де аз емес. Онкологияға халық емі көмектесе алмайды. Оған сенудің қажеті жоқ. Катерлі ісікті емдеу медицинаға қарауы.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖУМАДИНОВА

МЕЙІРГЕРЛЕР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ



12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күні. Атаулы мереке 1974 жылдың қаңтарында ICN-нің (Халықаралық медбикелер кеңесі) бастамасымен ресми түрде бекітілді. Мейірбикелер ісінің негізін қалаушы англиялық Флоренс Найтингейлдің туған күніне белгіленген бұл мейрам біздің елімізде тәуелсіздік алған жылдан бері тойланып келеді. Қазір ICN дүние жүзінде 130-дан астам мемлекеттегі, оның ішінде 27 миллионнан астам медбикені біріктіретін қауымдастық.



Медицина саласын медбикесіз елестету мүмкін емес. Біз әсте «бірінші байлық – денсаулық» екенін естен шығарып алып жатамыз. Ауырмайтын жол іздеудің орнына ауырып ем іздейтініміз тағы да рас. Дәл осы тұста әрбір пациентке жасалатын қандай да бір күтім мен қызмет түрлерінің 80%-ы медбикелер үлесінде. Олар дәрігердің барлық нұсқауын бұлжытпай орындап, әрбір науқастың сауығу процесінде маңызды рөл атқарады.

Қиындығы мен жауапкершілігі мол сала мамандарының мерекесіне орай «Достық үйінде» «Мәңгілік мейірім символы – мейіргер» атты салтанатты шара өтті. Өн мен күйі де, мын бұралған би де құрметті маман иелеріне арналды. Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖК КМК-ның мейіргері Мая Маханбетжановаға табысталса, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен «Қызылорда теміржол ауруханасы» ЖШС мейіргері Гүлнаш Жұбанязова марапатталды. Сонымен қатар бірқатар мейіргерге облыс әкімі мен қала әкімінің, «Аманат» партиясы облыстық филиалының марапаттары табысталды.

– Мейірбике болу – мәртебелі әрі жауапты мамандық. Еліміздің денсаулық сақтау саласының дамуы әрбір ақ халатты жанның қосқан үлесіне, білімі мен тәжірибесіне байланысты. Ұлт саулығы мемлекеттің негізгі капиталы десек, сол баға жетпес қазынаны қызғыштай қорып жүрген мейіргерлер күнін салтанатты түрде өткізу дәстүрге айналып келеді. Жалпы облыста 20 мыңға жуық медицина қызметкері болса, соның 12 мыңы – орта буын әріптестеріміз, яғни, мейіргерлер. Республикалық статистика бойынша біздің облыс – аталған мамандармен толық қамтылған өңірдің бірі. Аймақта жылына 1000-ға жуық мейірбике даярланады. – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков.

Қазақстан Республикасының жедел медициналық жәрдем қауымдастығының «Үздік қызметкер» төсбелгісіне облыстық жедел жәрдем стансасының фельдшерлері Фарид Ильясова мен Бауыржан Әбенов лайық деп танылса, тағы да бірқатар медицина саласының маманы «Мейіргерлер ісі ассоциациясының» медалі және «SE-NIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төсбелгісі және алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонымен қатар шара барысында мейіргерлер күніне орай ұйымдастырылған облыстық «Үздік маман – 2024» кәсіби конкурсының жеңімпаздары анықталып, арнайы номинациялар табысталды. Адам жанының арнасы болған, аяғына адал ақ халатты абзал жандар барлық құрметке лайық.

Аружан ОРАЛБАЙ

ДӘРУМЕН ТАПШЫЛЫҒЫ НЕДЕН ТУЫНДАЙДЫ?

– Үзілісте үйге барып, түскі ас ішемін. Сен ше?

– Ой, жоға. Мен үйге баруға ерініп тұрмын, осында тіскебасар алдыртамын. Артынан салқын газдалған сусын ішсем, лезде тоямын.

Бұл – екі құрбының шағын диалогы. Иә, бүгінде студенттердің көбі дәмді, бірақ құнарсыз, түрі әдемі болғанымен өзі зиян асты таңдайтыны рас.

Денсаулығымыздың 70%-ы тамақтану мен өмір салтына байланысты екенін білсек те, білмеген сынай танытып, елемей жатамыз. Салауатты өмір салтына өнімді еңбек, жеке бастың тазалығы, тамақтану мен қимыл-қозғалыс жатады. Ал тән мен жан саулығы үшін мұның барлығын орындайтындар саусақпен санарлық. Тәтті өнімдер мен газды сусындарды мөлшермен ғана тұтынбақ, дене функциялары бұзылады. Соның әсерінен түрлі дертке жол ашылып, ағзадағы дәрумендер түбегейлі жойылады.

«Витамин...Анализ...» деп дабыл қағатын дәрігерлердің сөзін елеңтіндерге таңғалатын адамдар да бар. Олардың сөзінше, «өмір бір-ақ рет беріледі». Ендеше тәртіпке бет бұрмайтындар үшін адам ағзасындағы дәрумендер туралы сөз қозғайық. Дәрумен жетіспеушілігінің салдары қандай жағдайға әкелуі мүмкін?

Адам тіршілігіне, ағзадағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін өте қажет қоспаларды дәрумен деп атайды. Негізінен адамдар қажетті дәрумендер мен микроэлементтердің басым көпшілігін тамақ арқылы алады. Ал жоғарыдағы кейіпкердің жағдайы сіздің өміріңізде жиі қайталанса, ағзада жетіспеушілік пайда болып, ас қорыту, тері, сүйек ауруы сияқты мәселелер туындайды.

Энергия & магний

Тәбеттің төмендеуі, жүрек айну, әлсіздік немесе шаршау белгілерін байқасаңыз, бұл ағзадағы магнийдің жетіспеушілігі болуы мүмкін. Магний – адам ағзасының барлық тінінде болатын маңызды элемент. Мамандар магний деңгейін қалпына келтіру үшін бадам, кешью, жержаңғақ, шпинат, қара бұршақ сынды тағамдарды пайдалануға кеңес береді. Магний сүйектердің саулығына және энергияның көбеюіне көмектеседі.

Ағзаның дұрыс жұмысы – «B12»

Жиі еститін «B12» дәрумені ет, балық, жұмыртқа мен сүтте көп мөлшерде кездеседі. Егер сіз бұл өнімдерді рационыңыздан мүлдем сызған болсаңыз, мұқият оқуыңызды сұраймыз. Себебі бұл дәрумен

көңіл-күйге, энергия деңгейіне, есте сақтау, жүрек, ас қорыту процесіне әсер етеді. Сондықтан оның жетіспеушілігі шаршаңқылық, әлсіздік, тіс мәселесі, тәбеттің жоғалуына және салмақ тастауға әкеледі. Ал ауыр жағдайда ол депрессия, қан аздық және ұмытшақтыққа апарды.



Йод өсу мен дамуға жауапты

Йод – адамның қалыпты өсуі мен дамуына қажетті элемент. Йод жетіспесе жүрек шаншуы, демікпе, тұмаумен жиі ауру, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, есту мүшесінің әлсіреуі секілді мәселелер кездеседі. Мөлшері 20-30 мг-нан аспағанымен, ол қалқанша безі гормондарының түзілуіне қатысады. Йодтың жеткілікті мөлшері адамның физикалық және ақыл-ой белсенділігі үшін қажет энергиямен қамтамасыз етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адам жасына байланысты йодты тұтынудың тәуліктік нормаларын белгілеген. Орташа алғанда күнделікті – 120-дан 150 мкг-ға дейін йод қабылдау қажет. Йодтың негізгі мөлшері ағзаға азық-түлікпен келіп түседі, ең көп концентрациясы теңіз өнімдерінде, балдырлар мен балық майларында кездеседі.

«D» дәрумені

«D» дәрумені – «жай ғана витамин» емес, ол иммундық жүйе, инфекцияларға қарсы тұруға және ағзадағы жалпы қабынуды жеңу қабілетінде маңызды рөл атқаратын элемент. Әлсіздік, сүйек деформациясы, бүкірею, тістің бұзылуы мәселелерінің бастауы ағзадағы «D» дәруменінің жетіспеушілігінің салдарынан болады. Дәруменнің деңгейін толықтырудың ең жақсы тәсілі күн сәулесінің астында жүру.

Мамандардың айтуынша, күз бен қыс мезгілінде дәрумендерді дәрігердің келісімімен тұрақты қабылдау қажет. Себебі бұл мезгілде жаңа піскен табиғи өнімдер азаяды. Ал жаз мезгілі – әлсіреген иммунитетті қалпына келтіруге нағыз қолайлы уақыт.



Әлия ТӘЖІБАЙ



МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ



Бүгінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әртүрлі саласына өзгерістер енгізуде. Соған сай білім беру саласы да жаңашылдықты дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын сауатты игергені жөн. Сонда ғана білікті ұстаз, дарынды, талантты шәкірттер көп болары сөзсіз.

Қоғамға жаңашыл адам керек. Мұндай тұлғаны қалыптастыру – білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Педагогтердің қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде білім алуға тек деректер жинап, жалпы хабардар болумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, барлық әрекетінде шығармашылық бағытты ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуі – уақыт талабынан туындап отырған жайт.

Білім берудегі негізгі мақсат – тек білімді, дарынды, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі мол, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Жаңа заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру білім беру мен тәрбие үдерісінде жүзеге асырылатындықтан, білім мазмұнын таңдауда әр баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мәселесі тереңірек әрі нақтырақ қарастырылады.

Ғұлама ғалым М.Әуезовтің: «Ел болам десен, бесіңді түзе!» – деген өте терең мәнді накылы бар. Ол елінің ертеңі жас ұрпағын дамыта отырып өсіреді. Осы ретте, баланың өмірден өз орнын табуы үшін оның қабілетін ерте кезден дамыту тікелей ұстазға байланысты.


Кеңейтілген тапсырмаларды қолдану арқылы біз тек оқушы бойындағы дарын мен талантты дамытып қоймай, сонымен қатар тұйық баланың бойындағы талантты анықтауға мүмкіндік аламыз.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, нәтижелі білімнің жемісін күтеміз.

Шәкірттің бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашып, әр баланың өзін сезіне білуіне, ішкі табиғатын ашуға көмектесу, өзін шығармашылықпен ұштастыруға бағыт беру тікелей мұғалімге байланысты. Әдебиет сабағында оқушының сөйлеудегі және жазудағы тіл мәдениеті дамып, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуі,

ұтымды, шешен сөйлеуі қалыптасады. Бұл пәннің баланың бойындағы дарынды аша білудегі мүмкіндігі жоғары. Ал дарынды оқушыны жан-жақты қабілетті, терең білімді, зерек те еңбекқор, өз ісін сүйетін, талантты да шебер ұстаз ғана тәрбиелей алады. Дарынды мұғалім дарынды баланы бірден таниды.

Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз», – деп айтқан болатын. XXI ғасыр – ғылым ғасыры.



Мақсатты білім беру – тұлға дамуының жүзеге асыратын мәселе.

Сондықтан ұстаздар әр бала қабілетін жоғары-төмендігіне қарамастан өзінше тұлға, табиғаттың таңғажайып құбылысы деп қабылдап, әр баланың күнделікті өмір тіршілігі өзінше бір тағдыр екенін ескеруі қажет. Тағдырларына жауапкершілікпен қарап, өмірден өз орнын табуына өз ықпалын тигізгені дұрыс. Заман талабына сай білім сапасы жоғары оқушылардың қабілетін дамыту арқылы үлкен нәтижеге жетіп, жемісін көре аламыз.

Гаухар СЫРЫМБАЕВА,
Т.Рысқұлов атындағы
№222 орты мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Еліміздің «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері нақты айтылған.

Интерактивті тақтамен оқытудың әдеттегі оқыту әдісінен айырмашылығы көп емес. Оқытушы қолданатын технологиялық құралдарға қарамастан, сабақты сәтті өткізудің негіздері бірдей. Ең алдымен, кез келген сабақтың белгілі бір мақсатқа және нәтижеге жететін нақты жоспары, құрылымы болуы керек. Мұның бәрі де оқушының материалды жақсы меңгеруіне көмектеседі және өз білетіндерімен сәйкестендіруге септігін тигізеді. Қазіргі кезеңде интерактивті оқыту әдістерінің төмендегідей жетілу мүмкіндіктері бар:

- моделдерді, гипермәтіндерді жасау және көрсету, презентациялау.

Қажетті бағдарламаны қамтамасыз етіп, интерактивті тақтаға үйлестіріп қолдану жаңа идеяларды түсінуді анағұрлым жақсартуы мүмкін.

Интерактивті тақта – топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушыларға жаңа материалды өте қызықты етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін (визуалды) ресурс. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Сабақта ұстаздар материалды барынша оқушыларға түсіндіре алады. Олар интерактивті тақта арқылы сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектеседі. Ұстаздар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп осы тақтаны қолдану арқылы мақсаттарына жете алады.

Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқытушылар оқушылардың білімдерін тексере де алады.

Кейбір идеяларды түсіну үшін қойылған дұрыс сұрақтар дискуссияны өрбітіп, оқушылардың материалды жақсы түсінуіне мүмкіндік туғызады.

Талдау жүргізуді басқара отырып, оқытушы оқушылардың шағын топтарда жұмыс жасауларына жол сілтейді. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады.

Интерактивті тақтаны қолдану сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартуға көмектеседі. Инте-

рактивті тақтада жұмыс жасау материалды қарапайым, бірақ шығармашылық түспен қолдануды қарастырады. Файлдар мен беттерді алдын ала дайындап, қолданылатын басқа ресурстарға бекітуге болады.

Интерактивті тақта көмегімен оқыту, тек компьютермен және проектормен оқытуға қарағанда айтқарлықтай әсерлілеу, өйткені оның бірнеше артық тұсы бар.

Кез келген білім барысының назарында, мұғалім білімге жетелейтін оқушы тұр. Егер де оқушы «Керек» деген ынталаң «Маған қызық, менің білігім келеді» деген қызығушылықпен қараса, онда бұл жолдың қуанарлықтай және жемісті болғаны. Бұл міндетті шешу оқыту барысында интерактивті тақтаны қолдануға себеп болар еді.

Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияның барлық мүмкіндігін интеграциялау оқушылардың өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі.

«Артық ғылым – кітапта, ерінбе оқып көруге» деген Абайдың қанатты сөзіндегі ойдың қазіргі замандағы кітап оқумен байланысы бар ма?

АРТЫҚ ҒЫЛЫМ – КІТАПТА...

Заман оза да, ескірмейтін, тозбайтын асыл қазына кітап дер едім. Кітап – ақылшымыз, тегін көмекші, сырлас дос, адам ойының азығы, білімнің темірқазығы деп айтуға болады. Дегенмен қазіргі ғылым пен техника жасампаздық танытқан ғасырда кітапқа деген сұраныс қаншалықты денгейде? Абай айтқандай, «...Артық ғылым – кітапта, ерінбе оқып көруге» деген даналық ойдың қазіргі кездегі өзектілігі қандай?

Артық ғылым, расымен – кітапта. Оны ерінбей оқыған өзіне көмек етіп, өмірден орнын табу жолында рухани азық етеді. Себебі, кітапта барлығы жазылып қойған деп білемін. Жетістікке жеткен адамдардың барлығы дерлік кітаптың көмегімен жетіске жетіп, өз жолдарын да кітап етіп жазып қалдырған. Кітапта өмірлік тәжірибе, құндылықтар, тағылым мен тәрбие, тарих пен шежіре бар. Кітап – адам тәрбиелетін құрал. Кітаптағы артық ғылымды меңгерсек, әлемнің ең мықты адамы боламыз. Ел ішінде: «Кітап оқыған адам теледидар көрген адамды басқаралы» деген сөз жиі айтылады. Мағынасына терең үңілсек, кітап бізді мақсат-мұратымызға жеткізеді. Озық ойлы адамдар болашаққа аманатын тасқа да, ағаш пен тері кітапқа да жазып қалдырған. Осыдан кітаптың адамзатпен қатар дамығанын байқауға болады.

Қазіргі кезде кітап оқу қоғамдағы негізгі сұранысқа айналып отыр. Себебі, адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын кітаптар әлемі жылдан-жылға кеңейіп келеді. Тақырып пен мазмұн жағынан байып, адамдардың керегіне жарайтын құнды кітаптар жарық көруде. Әсіресе, кітап сүйер қауымның арасында жастар да

көріне бастады. Бұған басты себеп, елімізде кітапқа қатысты түрлі жобалар мен шаралар өткізілуде. Атап айтқанда, «Бір кітап – бір әлем», «Бірге оқиық», «Оқуға құштар мектеп», «Әр қазақ оқуы тиіс 100 кітап» сияқты шаралардың оң әсері байқалады. Абай айтқан кітаптағы артық ғылымды меңгерушілердің қатары артып, соның салдарынан елімізде ғылым мен білімде, басқа салаларда жетістіктер де көбейді. Жас ақын-жазушылар қатары өсіп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз жаңа туындылармен толығып жатыр. Қарап отырсақ, кітап тек қана рухани азық емес, адамдардың қаламын шыңдауға, ой-өрісін кеңейтуге, ой бөлісуіне негіз болып отыр. Кітап дүкендерінің көбеюі, ондағы қазақша кітаптардың артуы көңіл қуантарлық жағдай деп білемін.

Ақын Абайдың даналық ойында айтылғандай, кітапты ерінбей оқығандар ғана ондағы ғылымды меңгермек. Абайдың өзі батыс пен шығыс елдерінің озық ойлы кітаптарын оқып, соның негізінде өзінің мол мұрасын қалдырды емес пе?! Біздер кітап оқу арқылы жол тауып қана қоймаймыз, өзіміздің жетістікке жету жолымызбен де бөлісеміз. Осылайша, адамзаттық тәжірибе, мол білім бір-бірімен ұштасады. Дүниеде өлмейтін «ғалымның хаты» екенін даналар айтты. Бұл жердегі «ғалымның хаты» кеткен. Бұл жердегі «ғалымның хаты» дегеніміз кітап деп ойлаймын. Ақпарат көздеріне үнілер болсақ, табысты адамдардың барлығы үздіксіз кітап оқығандар екеніне көзіміз жетеді. Бұдан «кітап – табысқа жетудің кілті» деп қорытынды шығаруға болады.

Қорыта келе, ойымды хакім Абайдың «Танымның бар тамашасы кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», – деген сөзімен түйіндеймін.

Дильназ МОЛДАБАЕВА
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

Ақмарал БЕКБАУОВА,
Т.Рысқұлов атындағы №222 орты мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ФИНАЛИСТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Өткен аптада Чемпиондар лигасының жартылай финалдық ойындары өтті. Мадридтік «Реал» мюнхендік «Бавариядан» айласын асырды. Ал дортмундтық «Боруссия» «ПСЖ-ға» қарсы қанша аутсайдер саналғанымен, екі ойында да жеңіске жетіп, биылғы кәрі құрлық турнирінің алғашқы финалисі атанды.

Маусымның 2-сі күні «Уэмбли» алаңында неміс клубы мен испан клубы бір-бірімен текетіресек. «Реал Мадрид» 15-ші мәрте кубокты иелене ме, әлде Марко Ройстың соңғы маусымда «аралар» қалқанқұлақ кубокты сыйға тарта ма? Әркімнің пікірі әрқалай, дегенмен әзірге фаворит – мадридтік клуб болып отыр.

«Боруссия Дортмунд» пен «ПСЖ» арасындағы ойын көптің қызығушылығын тудырды. Себебі бұл екі команда бұған дейін топтық кезеңде екеуара ойын өткізген еді. «Боруссия» париждік клубты маусым басында жеңе алмап еді, плей-оффтағы ойын «аралар» үшін реванш есебінде болды. Бір жағынан Бундеслигада жарыстан шығып қалғаны ескерсек, дортмундтық команданың биылғы чемпиондар лигасынан үміті мол.

Алғашқы ойын Германияда болды. Дәлірек айтсақ, Дортмунд қаласындағы Идуна Парк алаңында. Немістер ойын бойы басымдылық көрсетті. Әсіресе Матс Хуммельс бастаған қорғаныс шебі өте сауатты ойнады. Мбаппе, Дембеле және Баркола француз үштігін «қалталарына салды» десек, артық

айтпаймыз. Фюлькругтың салған добы дортмундтық клубқа жеңіс әкелді. Қарымта матчқа көптеген басылым әртүрлі пікір айтты. Бірақ көпшілігі париждік клубты әдеттегідей фаворит санады. Дегенмен Парк де Пренсте өткен матч Мбаппе бастаған жігіттердің пайдасына шешілмеді. Екінші матчта да «аралар» минималды 1-0 есебімен жеңісті жұлпып әкетті. Ойынның екінші таймында карт қорғаушы Матс Хуммельс есеп ашып, табло сол күйі қалды.

Келесі қарсылас жұп – «Реал» мен «Бавария». Қос клуб арасындағы «роман» футбол жанкүйерлеріне белгілі. Бұл екі команда бұған дейінгі маусымдарда да текетіресіп жүрген командалар. Алғашқы ойын тең аяқталды. Есеп – 2:2. Тартысты ойында Винисиус Жуниор дубльмен көзге түсті.

Ал қарсылас командада Харри Кейн мен Лерой Сане ерекшеленді. Тең тарқасқан қос клуб өзара жеңімпазды екінші ойында анықтауға шешім қабылдады. Кезекті ойын «Бавария» ойлағандай болмады. Бәріміз білетіндей, ақ жейделілер Сантьяго Бернабеуде магия жасауға құмар. Бұл жолы да ойынның 88 минутына дейін жеңіліп тұрып, кенеттен испандық шабуылшы Хоселудің дублі арқасында жеңіске жетті. Реал 15-ші кубокке бір адым жақын. Дегенмен «араларды» да есептен шығаруға болмайды. Мінезді қос команданың өзара ойыны қай жанкүйерді болсын қызықтырып отырғаны анық.

Мадияр БАҚЫТБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ

Шағын футболдан Қазақстан құрамасы екінші мәрте 6×6 форматындағы Socca Eurocup-2024 халықаралық турнирінің жеңімпазы болды, - деп хабарлайды NUR.KZ.



Қазақстан және Хорватия құрамалары шағын футболдан Еуропа кубогының финалында кездесті. Бұл ойын 3:0 есебімен қазақстандықтардың пайдасына шешілді. Алғашқы таймда Абай Елемесов (2-минутта) және Бекруз Пишкар (15-минутта) гол салса, екінші таймда Талғат Өтепбергенов (39-минутта) мергендік танытты.

Осылайша, шағын футболдан Қазақстан құрамасы екінші рет Еуропа чемпионы атанып отыр. Өткен жылы қазақстандықтар финалда Румыния құрамасын буллит сериясында ұтып, жеңімпаз болған еді.

Socca – шағын футболдың бір түрі. Бұл жерде ойыншылар саны мен алаңның көлемінде айырмашылық болады. Матч 6×6 ойыншы форматында, 20 минуттан екі тайм бойынша өтеді.

АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРҒАН НҮРСҰЛТАН

Астана қаласында боксшылар арасында Азия чемпионаты өтті.



Чемпионатта 54 келі салмақтағы 23 жасқа дейінгі ерлер арасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының студенті, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрсұлтан Алтынбек жеңіске жетіп, екі дүркін Азия чемпионы болды.

Нұрсұлтан финалда моңғолдық Оюн-Эрденмен жұдырықтасып, 5:0 есебімен айқын ұтты. Бұл жеңіс ел тарихына енді. Ол 23 жасқа дейінгі қазақ боксшыларынан шыққан тұңғыш екі дүркін жеңімпаз болды.

Азия жеңімпазын ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР бокс федерациясының бас бапкері Мырзағали Айтжанов пен жеке бапкері Жәмил Жүсіп дайындады.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ТҰҢҒЫШ РЕТ ЭВЕРЕСТ ШЫҢЫНА ШЫҚТЫ

Құрамында Анар Бурашева мен Мақсат Жұмаев бар «Kazakh Everest Team» қазақстандық команда әлемнің ең биік шыңы – Эверест шыңына (8 848 м) сәтті көтерілді. Бұл туралы Kazinform ақпараттық агенттігі хабарлады.



Қазақстандық экспедицияның ресми жолсерігі «Seven Summit Treks» компаниясының хабарлауынша, қазақстандық команда 12 мамыр күні Непал уақытымен таңғы сағат 07:25-те Эверест шыңын бағындырды.

– 8000 метрден жоғары биіктіктегі дауыл мен боран түріндегі күрделі ауа райы жағдайына байланысты шыңды бағындыруға ниеттенген экспедициялардың көпшілігі бағытынан кері қайтты, тек бес елдің альпинистері Эверестке сәтті көтеріле алды. Олардың арасында біздің отандастарымыз бар. Олар – тарихта әлемнің ең биік шыңына шыққан тұңғыш қазақ қызы Анар Бурашева және еңбегі сіңген қазақстандық альпинист Мақсат Жұмаев. Бұл оның Эверест шыңына осымен үшінші рет шығуы, - деп хабарлады «Kazakh Everest Team» баспасөз қызметі.

Жалпы «Kazakh Everest Team» командасының шыңға көтерілуі бес тәулікке созылды: 7 мамырда базалық лагерьден (5 350 м.) шығудан басталып, содан кейін қазақстандық альпинистер I Лагерьге (6 100 м.) арқылы өтіп, одан кейін II Лагерьге (6 400 м.), III Лагерьге (7 100 м.) көтерілді және IV Лагерьге (8 000 м.) жеткен соң одан әрі Эверестті бағындырды (8 848 м.).

Эверест шыңына Анар Бурашева мен Мақсат Жұмаев Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын орнатты.

ПАРИЖ-2024: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰРАМА ҚАНДАЙ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН МЕДАЛЬ АЛУЫ МҮМКІН?

Төртжылдықтың басты додасының басталуына 2 айдан астам уақыт қалды. Қазіргі уақытта Қазақстан еншісінде 51 жолдама бар.

Осы аптада Қазақстан құрамасы велотрестен Париж Олимпиадасының 1 жолдамасына ие болды. Бұл лицензия жеке спортшының өзіне емес, Ұлттық федерацияға беріледі.

ҚР Спортты дамыту дирекциясы мәлім еткендей, Қазақстан атынан баратын спортшы кейрин және спринт дисциплинасында бақ сынай алады.

Ал осыған дейін 50-ші жолдамаға көркем гимнастикадан Қазақстан құрамасының үздігі Эльжана Таниева Ташкентте өткен Азия чемпионатында қол жеткізген болатын.

Отандасымыз қоспайсы қорытындысы бойынша 133,40 ұпай жинап, бірінші орынға ие болды. Жарыс ережесі бойынша, квота тек қана алтын медаль алған спортшыға беріледі. Осылайша Эльжана Таниева Азия чемпионатының алтын медалімен бірге, Олимпиада ойындарының жолдамасын да жеңіп алды.

Мұның алдында қазақстандық спортшы Эдуард Ещенко Олимпиада ойындарының жолдамасына стенд атудан Қатар астанасы Дохада өтіп жатқан лицензиялық турнирде қол жеткізді.


Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі атап өткендей, бұл ел қоржынына түскен 49-шы жолдама.

Эдуард Ещенко скит бағдарламасында жеке лей сында финалға жетіп, үздік үштікке ілікті. Эдуард алтын және күміс жүлделер атанған спортшыдан тек 1 ұпай қалып қойды (35 ұпай).

Бұл стенд ату шеберлерінің 2-ші жолдамасы. Осыған дейін трап жаттығуында Мария Дмитриенко командаға лицензия сыйлаған.

Нысана көздеуде жолдама спортшының жеке өзіне емес, Ұлттық федерацияға беріледі. Ал Қазақстанға Олимпиаданың алғашқы жолдамасын сыйлаған спортшының кім екені баршаға қызық.

Kazinform ақпараттық агенттігі ел спортшыларынан Париждегі дүбірлі додаға ең алғашқы жолдаманың бірін Ислам Сәтпаев жеңіп алғанын хабарлаған болатын. Ол өткен жылы Әзербайжанның бас шаһары – Бакуде өткен нысана көздеуден 53-ші лицензиялық әлем чемпионатында ерлер арасында 10 метрге пневматикалық мылтықтан ату жаттығуында 206,5 ұпаймен 4-орын алып, Олимпиада лицензиясына ие болған еді.



Ислам 1998 жылы 21 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеге келген. Нысана көздеу спортымен 7-сыныптан бері айналысып келеді. Мектеп қабырғасында жүргенде сыныптасы Исламға тир атып көруді ұсынады. Сол кезден бастап оның оқ атуға деген қызығушылығы оянып, бірден нысана көздеу үйірмесіне жазылады. Халықаралық жарыстардың болашақ жүлдегері өзінің алғашқы жаттықтырушысы Валентина Дериглазованың тәлім-тәрбиесімен осы спорттың қыр-сырына қаныға бастайды. Еңбек сіңірген жаттықтырушы 5 жыл бойы Исламды балалар спорт мектебінде жаттықтырып, тәрбиеледі. Кейін Ислам Сәтпаев мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебіне ауысып, күні бүгінге дейін еңбек сіңірген жаттықтырушы Геннадий Насоновтың қол астында жаттығып келеді.

Жерлесіміз 2023 жылғы Әлем кубогінде екі мәрте күміс жүлде жеңіп алса, Қытайдың Ханжоу қаласында мәресіне жеткен Азия ойындарында қола медальді мойнында жарқыратты.

Ал жуырда ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Париж Олимпиадасында қазақстандық құрама қандай спорт түрлерінен медаль алуы мүмкін екенін айтты.

– Ең алдымен біздің құрамада кім бар екенін, кіммен жұдырықтасып, кіммен күресетінімізді және тағы басқаларын түсінуіміз керек. Қазақстан тарихында тұңғыш рет біздің балуан қыздарымыз, ауыр атлеттеріміз лицензиясыз қалды. Оған қоса біздің назарымызды аударған жаңа спорт түрлері пайда болуда. Бізде еш уақытта ату бойынша алты лицензия, садақ ату бойынша бес лицензия болған емес. Яғни белгілі бір «тосынсайлар» болуы мүмкін. Егер үздік үштікті сұрасаңыз, бұл бокс, теннис және күрестің қандай да бір түрі, - деп атап өтті Ермек Маржықпаев.

Айта кетейік, биылғы XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 26 шілде – 11 тамыз аралығында өтеді.

Оған дүниежүзінің 205 елінен 10 500 спортшы қатысады деп жоспарланып отыр. Спорттың 32 түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Францияның Париж қаласы 2017 жылдың 13 қыркүйегінде Перудің Лима қаласында өткен ХОК-тің 130-шы сессиясында 2024 жылғы Олимпиада ойындарының қабылдаушы қаласы болып бірауыздан сайланды.

Бұрын 1900 және 1924 жылдары Олимпиада ойындарын өткізген Париж Ұлыбритания астанасы Лондоннан (1908, 1948 және 2012) кейін үш рет Олимпиада ойындарын өткізетін екінші қала болады.

Ақпарат көздері бойынша әзірлеген А.НҮРТАЙҚЫЗЫ



Басы 1-бетте

Трейдинг орындалатын уақытына орай бірнеше түрге бөлінеді. Жиілігі жоғары трейдинг, яғни қас пен көз арасында саудасаттық жүреді және тек роботтар саудаланады.

Келесі түрі – Скальпинг (Scalping). Өте қысқа мерзімді стратегия, онда трейдерлер қысқа уақыт аралығында бағаның аз өзгеруінен ақша табуға тырысады.

Ұзақ мерзімді инвестициялау (Long-term investing) – пайда табу үшін активтерді жылдар бойы ұстап тұрады, сол арқылы ұзақ уақыт үлесін алып отырады.

Позициялық сауда (Position trading) – бұл да нарықтағы позицияларды ұзақ уақыт аралығында ұстап қалуға тырысатын түрі.



ТРЕЙДИНГ ТӘУЕКЕЛГЕ ТӘУЕЛДІ

Swing-Trading (Swing trading) – бағаның қысқа ауытқуына негізделген сауда, әдетте бір күннен бірнеше аптаға дейін ғана көзделеді.

Интернет-трейдингтің ерекшелігі – интернетке қолжетімділік арқылы қаржы нарығындағы барлық ақпаратқа ие бола алады. Яғни трейдердің арнайы кеңсесіз, үйінде отырып-ақ галамтор кеңістігінің көмегімен саудаласу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ интернет-трейдинг ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға және нарық жағдайындағы өзгерістерге лезде жауап беруге мүмкіндік беретін әртүрлі сауда платформаларына, талдау құралдарына, кестелерге және нақты уақыттағы нарық ақпаратына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оның артықшылығы, әдетте брокерлік фирмалар немесе банктер арқылы дәстүрлі сауда тәжірибелеріне қарағанда төмен төлемдер мен алымдарды ұсынады. Бұл сатып алушыға ұтымды.

Трейдинг – тәуекелге бел бууға міндеттейтін салаланың бірі. Себебі «шарықтап тұрып», қате шешімдер кесірінен құлдырауға ұшырауыңыз мүмкін. Құлдыраудың екі түрі болады: нарық және валюта. Нарықтағы деградацияның себебі активтердің құбылмалы болуына байланысты. Сауда құралдарының бағасы үздіксіз өзгерісте. Сондықтан түсетін пайда көзінен бөлек, құлдырау процесін де елеп, оның шығындарын есептеп, кез келген жағдайға дайын болуы керек. Құлдыраудың келесі түрі – валюталық. Валюта бағамдарының әрқашан құбылмалы екені бізге мәлім. Сіз күтпеген бағытқа қарай өзгеріп кетуі де мүмкін. Нәтижесінде трейдер үшін үлкен қолайсыздық туындау ықтималдығы басым.

– Трейдингпен айналысқаным 2 жылдан астам уақыт болды. Айлық табысым – 4 млн теңге. Өзің кожа, өзің би. Еркін жұмыс кестесі. Интернет пен ноутбук болса болды, бос уақытыңның 1-2 сағатын

ғана алады. Жүгі жеңіл жұмыс болып көрінгенімен, ауыртпашылығы да басым. Себебі бұл саламен айналыса бастаған соң адам өзінің психологиялық бет-бейнесімен жүздеседі. Яғни эмоция секілді адам мінезінің маңызды аспектілері жұмыс барысында өзгеріске ұшырап, соның әсерінен жасалған шешімдер сәтсіздікке әкеліп, адам біраз қажуы мүмкін. Бұл менің де басымнан өткен. «Минуска» кеткен кездерім аз болмады. Алайда қол қусырып қалмай, еңбек етуге үйреніп, қиыншылықтар артта қалды. Ең бастысы – тәртіп. Адам өзін және болмысындағы кемшіліктерін жеңіп, күш-жігерін шыңдауы тиіс. Кез келген жағдайда іскерлік мінез болуы қажет, сол арқылы топ жарып шығуға мүмкіндік бар. Арнайы білім алып, жоғары оқу орнын бітіру міндетті емес. Бастысы – адамның ниеті және күш-жігері.

Көп қаржы бар жерде тәуекел де жүреді. Есесіне жақсы пайда көзін табуға көмектеседі. Бүгінде қазақстандықтар трейдингтің алғышарттарын ұғынып, дамытуда. Ең қуаныштысы да – осы. Көптеген трейдер осы сала арқылы табыс табуға үгіттеп, білім көздерін ашуда. Мен де қалыс емеспін. Курс ашып, трейдинг саласының қыр-сыры туралы білім берумен айналысамын. Жеке имиджімді қалыптастырып, өз командамды құрдым, бірге қызмет атқарамыз, – дейді табысты трейдер Арайлым Сәтбек.

Түйін! Жұмыссыз жастардың көп екені рас. Қазір мұны замана кеселі деуге де болады. Дегенмен трейдинг секілді қомақты қаржы табуға болатын табыс жолдары көп. Мәселен, SMM маманы болу, копирайтерлік, тендермен айналысу, фрилансер болу және тағы да басқа еркін жұмыс кестесі қарастырылған жұмыс көздері жеткілікті. Ізденіс, ниет, күш-жігер – жастарға керек ең маңызды қасиет.

Қорлан САРЫ



ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР БАСТАҒАН БИЗНЕС



Танымал фастфуд желісі McDonald's туралы естіген боларсыз. Ағайынды Макдональдтар бастаған бизнес бүгінде кенінен қанат жайып, жер жүзіне таралды. Жас кәсіпкерлерге мотивация беру мақсатында бұл брендтің тарихына тоқталуды жөн көрдік.

Үлкен компанияның негізін салған ағайынды Ричард және Морис Макдональд бірден мұндай табысқа қол жеткізбеген. Олар алдымен өздерінде бар аздаған қаржыға кинотеатр ашқан. Алайда халықтың аз келуіне байланысты бизнестері дами қоймады. Сондықтан қалған қаражатты жинап, жас кәсіпкерлер көлік жүргізушілеріне арналған қарапайым тамақтану орнын ашты.

Осылайша ең алғашқы мейрамхана 1940 жылы Калифорния штатында салынған. 1948 жылдан бастап ағайындылардың еңбегі нәтижесінде «жедел дайын болатын тағамдар» концепциясы пайда болды. Сондықтан қос кәсіпкерді «Фастфуд корольдері» деп атасақ болады.

1954 жылы бұл тағамдар желісінің алғашқы франшизасы сатылды. McDonald's-тың ең алғашқы франшиза иесі – Рэй Крок. 1959 жылға дейін Крок шамамен жүздеген мейрамхана ашып үлгерген. 1961 жылы ағайынды бауырлардан бұл компанияны 2,7 млн долларға түбегейлі сатып алуға бекінеді. Сол жылы гамбургер дайындаудың қыр-сырын үйрететін гамбургерология университеті ашыл-

ды. Қазір осындай 7 университет бар. Олар АҚШ-тың Чикаго штатында, Бразилияның Сан-Паулу қаласында және Лондон, Токио, Мюнхен, Шанхай, Сидней қалаларында орналасқан.

1960 жылдардың бастапқы тұсынан-ақ аталған фастфуд желісі қарқынды дами бастады. Дамудың бірінші себебі – сауатты маркетинг, сапалы жарнама. Осы уақыттан бастап компания тарапынан жарнамаға мол қаржы бөлініп, маркетинг үрдісі үздіксіз жүріп жатты.

Әрдайым асығыс әрі еріншек америкалықтар үшін фастфуд – таптырмас дүние. Ал маркетинг McDonald's-қа келуші қауымның қарасын одан әрі көбейте түсті. 1962 жылы компанияның жеке бренді болып қалыптасқан «М» эмблемасы қабылданды. Логотип өзгере салысымен келушілер де ағылады. Дәл осы жылы McDonald's-тан гамбургерге миллиард тапсырыс келіпті деседі.

1970 жылдардан бастап бұл тағамдар желісіне қарсылас компаниялар пайда болды. Осы тұстары Burger King, Wendy's желілерінің арасында біршама бәсекелестік болды десек, артық айтпағанымыз шығар. Осылайша McDonald's-та аса прогресс болмай, шетелде, яғни Канадада алғашқы мейрамхана желісінің кірпіші қаланды. 1990 жылдарға таяу компания бүкіл әлем бойынша 58 елде жұмыс істей бастады.

Айта кетейік, қазір McDonald's – жедел тағам әзірлеу және қоғамдық тамақтандыру желілері арасында көш басында тұр. 2022 жылдың статистикасына сүйенсек, McDonald's-тың 40 275 мейрамханасы бар екен. Оның 95%-ы франшиза ретінде жұмыс істейді. Ал АҚШ-тағы ең ірі компаниялардың арасында 152-орынға жайғасқан. Фастфуд желісінің штаб-пәтері Чикаго қаласында орналасқан.

Саида ЕСЖАНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің студенті

ЖАНУАРЛАР МЕРЕКЕСІ

Қоршаған ортаның негізгі бөлігіне айналған жануарлар әлемі – табиғаттың тартуы. Құпияға толы ерекше жаратылыс иелерінің жеке мерекелері бар екенін білесіз бе? Ендеше жан-жануарларға арналған арнайы даталар тізбегін ұсынамыз.

World Turtle Day

Құрмет пен қызығушылыққа ие, даналықтың белгісіне айналған тасбақалар – ұзақ жасайтын жануар. 2000 жылдан бастап дүниежүзілік тасбақа күні атап өтіледі. Америкадағы тасбақаларды қорғау комитеті бастамасымен 23 мамыр арнайы даталар тізіміне енген. Мерекенің басты мақсаты – адамдардың әсерінен тасбақаларға тиетін зардапты азайту, әлем назарын



осы мәселеге аудару. Шетелде бұл күні акция мен ойындар ұйымдастырылады. Мереке күні халық сауықтан жасалған тарақ, қорап секілді бұйымдарды қолданбайды. Сондай-ақ жануарлардың позитивті суреттері бар ашықхаттар таратылады.

Тасбақа – ұзақ өмірдің символы болса да жойылып кету қаупі бар бауырымен жорғалаушы жануар. Қызықты деректермен бөліссек:

- Ең үлкенінің салмағы 600 келіге дейін барады;
- Олар оттегісіз 10 сағатқа дейін өмір сүре алады;
- Есту, иіс сезу секілді қабілеттері әлсіз;
- Салқын ауа райында ұйқыға кетеді;

• Қазақстанда тасбақаның 2 түрі мекендейді. Ал әлемде 300-ден аса түрі кездеседі.

Мысықтар фестивалі

Мамыр айының 9-шы жұлдызы Бельгиядағы ипралықтар үшін қызықты күн. Себебі орта ғасырдан бері мысықтар фестивалі ұйымдастырылады. Бүгінде мәні мен маңызы ұмытылуға жақын қалған мереке о баста адамдардың көңіл көтеруіне себепші болған.

Ал 22 ақпан – халықаралық мысықтар күні деп есептеледі. Атаулы дата Жапонияда ерекше тойланады. Мысық жапондықтардың ойынша «ни-ни» деп мияулайды екен де, олардың тілі бойынша «еки-еки» деген сөзге ұқсас болған. Сондықтан да осы күн таңдалған. Токиода мысықтарды жерлейтін арнайы орталық та бар. Онда адамдар өлген мысығының суретін іледі.



Дүниежүзілік тотықұс күні

Махаббат символы саналатын Францияда 31 мамырда тотықұс күні тойланады. Мереке барысында садақ ату сайысы өтеді. Садақтың жебесін 45 метр биіктіктегі тотықұсқа тигізген қатысушы мерекенің королі атанып, жеңімпаздарға түрлі марапат табысталады. Бұл мереке дүниежүзілік тотықұстарды қорғау ұйымының бастамасымен тойлануда.

Әлия ТӘЖІБАЙ